

Риддер қалалық мәслихатының 2016 жылғы 22 желтоқсандағы № 7/6-VI "Жеке оқыту жоспары бойынша мүгедектер қатарындағы кемтар балаларды үйде оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Риддер қалалық мәслихатының 2020 жылғы 5 наурыздағы № 39/12-VI шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 27 наурызда № 6816 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Риддер қалалық мәслихатының 2022 жылғы 4 ақпандағы № 10/2-VII шешімімен

Ескеरту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Риддер қалалық мәслихатының 04.02.2022 № 10/2-VII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

ЗҚАИ-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде тұпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 - бабы 1 тармағы 15) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі "Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы" Заңының 16 бабы 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Заңының 11 - бабы 1-тармағына сәйкес, Риддер қалалық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Риддер қалалық мәслихатының 2016 жылғы 22 желтоқсандағы № 7/6-VI "Жеке оқыту жоспары бойынша мүгедектер қатарындағы кемтар балаларды үйде оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу туралы" шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 4825 тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бағылау банкінде 2017 жылғы 26 қаңтарда электронды түрде жарияланған) келесі өзгеріс енгізілсін :

1-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"1. Мүгедектер қатарындағы кемтар балаларды жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсаған шығындар ай сайын оқу жылы ішінде төрт айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде өтелсін.".

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Калалық мәслихат хатшысы

P. Хисамов

И. Панченко

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК